

## Қобда ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 21 қарашадағы № 274 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 қарашада № 6497 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 9 қарашадағы № 312 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 09.11.2020 № 312 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Қобда ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қобда ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Қобда аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін, Қобда ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қобда ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

*М. Шермағанбет*

КЕЛІСІЛДІ:

"Қобда ауданы бойынша  
мемлекеттік кірістер басқармасы"  
республикалық мемлекеттік мекемесі  
басшысының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Б. Жекеев

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

## Қобда ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Салық салу объектісінің орналасқан жері	аймақ коэффициенті
Қобда ауданы		
Қобда ауылдық округі		
1	Қобда ауылы	2,6
2	Құрсай ауылы	2,2
Акрап ауылдық округі		
3	Акрап ауылы	2,25
И.Білтабанов атындағы ауылдық округ		
4	И.Білтабанов атындағы ауыл	2,25
5	Қосөткел ауылы	2,1
6	Байтақ ауылы	1,85
Бестау ауылдық округі		
7	Бестау ауылы	2,35
Бұлақ ауылдық округі		
8	Әлия ауылы	2,55
9	Бұлақ ауылы	2,0
Бегалы ауылдық округі		
10	Калиновка ауылы	2,25
И.Құрманов атындағы ауылдық округ		
11	Бегалы ауылы	2,25
12	Егіндібұлақ ауылы	2,25
Жиренқопа ауылдық округі		
13	Жиренқопа ауылы	2,25
Жарық ауылдық округі		
14	Жарық ауылы	2,2
15	Ортақ ауылы	1,85
16	Қанай ауылы	1,85
17	Жаманкөл ауылы	1,85
Жарсай ауылдық округі		
18	Жарсай ауылы	2,2
19	Қарағанды ауылы	1,95
20	Ақсай ауылы	2,1
Қызылжар ауылдық округі		
21	Қызылжар ауылы	2,25
22	Қаракемер ауылы	2,1
Сарбұлақ ауылдық округі		
23	Сарбұлақ ауылы	2,25
Өтек ауылдық округі		

24	Өтек ауылы	2,25
25	Жарсай ауылы	1,85
Сөгәлі ауылдық округі		
26	Көк үй ауылы	2,2
27	Қоғалы ауылы	2,2
28	Сөгәлі ауылы	1,85
Терісаққан ауылдық округі		
29	Терісаққан ауылы	2,25
30	Жаңаталап ауылы	2,2
Талдысай ауылдық округі		
31	Талдысай ауылы	2,35

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК